## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ

**Мектепалды** 0-сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **1-апта 01-05қыркүйек , 01 - 05 қыркүйек 2025-2026 оқу жылы**

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие « Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы**

**Апта дәйексөздері- «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 01.09** | **Сейсенбі 02.09** | **Сәрсенбі 03.09** | **Бейсенбі 04.09** | **Жұма 05.09** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу** | **Өнегелі 15 минут-ата-анаға бала денсаулығы,мінез-құлық туралы кеңес беру**<br>Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Менің Қазақстаным»**<br>Гимн орындау<br>**Мақсаты**:рухани-патриоттық сезімге тәрбиелеу | **«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы»**<br>**Тақия тастамақ**<br>**Мақсаты**: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап , жылдамдыққа , шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда, айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді. | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 3 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Адалдақ әліппесі**<br>**«Ата-аналарға қамқорлық жасау»**<br>**Ойын мақсаты:** елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады.<br>Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай<br>қамқорлық жасауға болатынын сұрайды:<br>- анаң ауырып қалды; | | **Адалдақ әліппесі**<br>**«Кім жауапкершілік танытты»**<br>Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бірнеше қадам қашықтықта тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады.16<br>Тәрбиеші балаларға кезек-кезек доп лақтырып, мына жағдайда адам<br>жауапкершілік танытты ма деп сұрайды:<br>- әкесі баласымен бірге циркке баратыны туралы уәдесін ұмытып, | | **Адалдақ әліппесі**<br>**«Қамқорлық гүлі»**<br>**Ойынның мақсаты**: мейірімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды.<br>Балаларға анасына бес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - анаң жұмыстан шаршап келді;<br>- ананың көңіл-күйі жоқ;<br>- ананың шаруасы көп;<br>- әкенің жұмысында қолайсыздықтар болды.<br>Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір<br>қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын<br>соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді<br>айтады. | | достарымен балық аулауға кетті;<br>- анасы шаршағанына қарамастан қызына қуыршақ театрына ойыншық<br>тігуге көмектесті;<br>- ағасы серуендеуге кетіп, кішкентай қарындасын жалғыз қалдырды;<br>- балалар саяжайға кетіп, мысыққа тамақ қалдыруды ұмытып кетті;<br>- күн сайын қыз бала бөлмедегі өсімдіктерді суару үшін ерте тұрады;<br>- теңізге барар алдында әкесі ұлына жүзуді үйретті.<br>Егер допты ұстап алған ойыншының пікірімен балалардың көпшілігі<br>келісе, ол алға бір қадам жасайды. Егер қалған қатысушылар оның пікірімен<br>келіспесе, ойыншы орнында қалады және балаларға бұл мәселені талқылау<br>ұсынылады | | жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады.<br>Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін<br>жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | 1 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Дыбыс пен сөз »**<br>**Міндеті:** **-дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру**<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты**: балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар | **2.Математика негіздері**<br>**«Біреу – көп»**<br>**Міндеті:-«біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту**<br>Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме?<br>-Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар?<br>-Үйде қандай ойыншықтарың бар? Балалар ойыншықтар туралы сұрақтарға | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Сөз»**<br>**Міндеті:-**: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. | **Сауат ашу негіздері**<br>**«Сөз»**<br>**Міндеті:-**: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр<br>**Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:** доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. | **Математика негіздері**<br>**«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»**<br>**Міндеті: - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету**<br>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:<br>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды.<br>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және<br>«бірнеше»терминдерін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш. | жауап береді<br>Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс жүргізу<br>Әрбір үстелге көп қарындаштардан (таяқшалар және басқалары) қояды. Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп). | | | колданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал карбыз біреу. Көгөністер көп, ал карбыз біреу және т.с.с |
| **«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу** | | | | | |
| **Көрініс Экономикалық есеп:**<br>Бірде Қайраттың анасы үйге ренжіп келіп. «Біз электр энергиясын көп жұмсаймыз. Сондықтан. шығынымыз өсіп жатыр. Не істейміз?».- деді. Әкем:<br>«үнемдейміз. Бөлмеден шығарда жарықты сөндіріп жүруден бастаймыз. Ал саған Қайрат арнайы өтініш: теледидарды кызықты және пайдалы бағдарламалар болған кезде ғана көр. Оны көрші бөлмеде ұйықтап жатқанда қосып қоюдың қажеті жоқ!».- деді. Бір айдан соң. кезекті төлем жасалғанда. Қайраттың анасы электр энергиясының көрсеткіші азайғанын хабарлады |  | | | | |
| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>«Мектептегі алғашқы күн».<br>**Міндеті:** -«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру: Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету | **Қазақ тілі**<br>«Менің мектебім»<br>**Міндеті-** Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету | **Математика негіздері**<br>«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»<br>**Міндеті:** - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті үлкен»,«кішкентай»), | **Қоршаған әлем**<br>Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?<br>**Міндеті:**<br>- Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы | **Көркем әдебиет**<br>«Кішкентай бағбан»<br>(әңгімелеу)<br>**Міндеті** - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, кисынды кайталап айтып беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шаттық шеңбер;<br><br>Ақпыз, қара сарымыз<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ба-ба-ба – бала.<br>Бо-бо-бо – бота<br>Бө-бө-бө – бөрік.<br>Табыл – дабыл.<br>Бақа – бақбақ<br>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді:<br>Па-па-па – парта.<br>Жа-па-лақ – жал-пақ.<br>Па-рақ – жа-пы-рақ | **Дидактикалық ойын: «Танысу».** Көбелек әдісі арқылы Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан<br>**Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала».** (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, кима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді | тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету<br>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:<br>Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады. Заттар тобын бір сөзбен атайды.<br>«Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және<br>«бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу. Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с | түсініктерін кеңейту.<br>**«Айналар» ойыны.**<br>**Шарты:** жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды | -. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>**Суреттегі жемістер мен көгөністерді ата.**<br>2. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай келеді?<br>**3. Мақалды жаттап ал.**<br>Еңбекпенен тапқаның – Шекер-балдан татқаның |
| **Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Көңіл күй Назар Смағұл**<br>**Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,** | | | | | |

| | | |
|---|---|---|
|  |  |  |

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1.Қоршаган орта**<br>**Тақырыбы**«Бізді не қоршап тұр?»<br><br>**Міндеті:** Балаларды «жансыз табигат» түсінігімен таныстыру, жансыз табигаттағы адам колымен жасалган заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Педагог «Тағы не істейді?» деген ойын ойнауга шақырады. Ойын тәртібі** бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>Балалардың жауаптары:<br>Дәурен: Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді? Сүгір: Сүңгиді, жерде жүреді,ұшады, барылдайды.<br>Д: Мысық тышкан аулайды, одан баска тағы не істей алады?<br>С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды | **Көркем әдебиет**<br><br>«Күз жомарт»<br>**Міндеті;-** балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде көкөніс,жемістерді көп беретінін түсіндіру»<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br><br>**Ойын шарты:** Бір бала қолына жасырган затты сипаттайды. Сипатталган затты қалған балалар табу керек.<br><br>Педагог:<br><br>Балалар, сендер дүкенге барганда әртүрлі заттарды, жаңа айткан жемістер мен<br><br>көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуга болады. Ал сатып ала | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>«Менің досым»<br><br>**Міндеті:** - Жалпылама сөздерді дидактикалык ойын барысында түсіндіріп, үйрету.<br><br>Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында **«Достар, достар»** әні тыңдатылады<br><br>Педагог балаларға «Адал дос» деген әңгіме оқып береді<br><br>Міне, балалар, макал-мәтелдердің өзінде доска деген сенім жайлы айтылған. Достыкка адал адам, сертіне де адал болады. | **Музыка**<br>«Нота үйренейік»<br>**Міндеті:-** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату<br><br>**Музыка тыңдау:**<br><br>«Гүлдерайым» қазактың халык әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).<br><br>**Ән айту:**<br><br>«До-ре-ми» (Ө. Байділдаев).<br><br>«Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)<br><br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br><br>«Марш» (В. Дешевов)<br><br>**Билер:**<br><br>«Жұптасу биі» (чех халық әуені)<br><br>**Ойындар, хороводтар:**<br><br>«Сиқырлы ағаш»<br>(«Дидактикалық ойындар» | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті** (сурет салу.жапсыру,мүсіндеу,құр астыру)<br>Қоржынды сәндейміз<br><br>**Міндеті:-** - Қазақ оюларының контурлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға коржынды салу техникасы<br><br>мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру<br>- аталған заттардан калауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру<br>- Қазак халқының тұрмыстык заттарымен таныстыру, аталған заттардан калауы бойынша киын жапсыру<br>- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру<br>**Күтілетін нәтижелер:** |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br>**«Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:** Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді. Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң педагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады | алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер | **Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».**<br>**Ойын шарты:** педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. | **жинағынан)** | **жасайды:** коржынды салу ,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктерімен таныса отырып. өзі жасайды;<br>**түсінеді:** коржын туралы түсініктері мен білімдері кенейеді, коржынның түрлері көп болатындығын және оларды белгілі бір жагдаяттарға сәйкес колданатынын;<br>**колданады:** әшекейлеу ретін сактай отырып. жұмысты орындау барысында ұкыптылық пен жинакылыкты үнемі сактап, колданады.<br>**Топтык жұмыс** |
| | **Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»**<br>**Максаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.** | | | | |
| | Үйде кауіпсіздік ережелерін сактаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. **Үйдегі кауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер** Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұскауымен кабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешкашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұксаса дадәмін кормеу. **Тұрмыстык химия:** Жуу құралдары, ағарткыштар, тазалау құралдары және баска тұрмыстық химикаттар оте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешкашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, колданбау. **Газ баллондары:** Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс колданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау. **Сюжеттік-рольдік ойындар:** Балаларды топтарға бөліп, куыршақтар немесе ойыншыктар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстык химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жагдайдағы тәртіп, кауіпсіздік ережесін талкылау | **Пайдалы сілтемелер:** https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDcb8zRp https://orken-institutv.kz/ru/telefony-goryachih-linij<br> |  <br> | | |
| | 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>Зейінді боламыз<br>**Міндеті:** -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген | **Музыка**<br>Біздің аспаптар<br>**Міндеті:** Қазақ халық аспаптары: домбыра мен | **Дене тәрбиесі**<br>Акылдылар<br>**Міндеті:** допты екі қолымен заттардың арасымен | **Қазақ тілі**<br>«Біздің топ» | **Дене шынықтыру**<br>«Күлкі сыйла»<br>**Міндеті:**-Орындык үстінде әр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жазыктыктың үстімен косалкы кадаммен, аяктың ұшымен жүру; скамейканың үстіне койылган текшелерден аттап жүру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** бөрене үстінде еңбектеп жүруді, бір-біріне допты лактырып, оны екі колмен қағып алуды.<br>**Түсінеді:** модульдер үстімен (із салынған парактар, аркан т.б.) тепе-теңдік сактап калай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін.<br>**Қолданады:** бөрене үстінде еңбектеу: 2.5 метр аракашыктыкта бір-біріне доп лактыру шеберліктерін (машыктарын), доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жаткан допты колды бүгіп, қағып алу шеберліктерін Тепе-теңдік сактау – беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына карай кырындап (сүйем кадам жасап) жүріп өту. (4 рет)<br>Жүрген кезде колдарын түрлі сәйкес тәсілдермен ұстау ұсынылады.<br>Жерден көтерілген бөрененің үстімен жүріп өтуде динамикалык тепе-теңдік сактау –<br>денені түзу ұстау, еңкеймей басын жоғары ұстап, алға карап. аякты алдымен басын басып, сосын толык табанына басу керектігіне басты назар аудару керек | кобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады.<br>**Түсінеді:** регистр деген не екенін.<br>**Қолданады:** ырғакты, мәнерлі кимылдарды орындайды<br>**Ән айту:**<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>«Мен өнерлі баламын» (М. Омаров)<br>Музыкалык-ырғактык қимылдар:<br>«Марш» (В. Дешевов)<br>Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш»,<br>«Жұптасу биі» (чех х. әуені)<br>Музыкалык аспапта ойнау:<br>«Еркем-ай» казақтың халык әні (өңдеген Б. Дәлденбай) | (аракашыктығы 4 метр) жүргізу<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** допты жоғары лактырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі колмен қағып алуды, 5 метр аракашыктыкка допты баспен итеріп. түзу бағытта еңбектеп жүруді.<br>**Түсінеді:** спорттың пайдасын; ептілік, өз-өзін бакылай алу дағдыларын калай дамыту керектігін; салауатты өмір сүру үшін не істеу қажеттігін.<br>**Қолданады:** допты жоғары лактырып, еденге түсіп. қайтадан ыршыған допты екі колмен қағып алу, жоғарыға лактырған допты саусақтарды ашып, допты қағып алу машыктарын Допты кеглилер арасынан жүргізу<br><br>**Қимыл-козғалыс ойыны: «Мысық пен торғайлар»** (4 рет) . «Торғайлар» орындыкта, гимнастикалык кабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың кимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысык» келіп, «торғайларды» куады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады | **Міндеті**-сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту<br><br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».** Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.<br><br>Мектеп ..... (әдемі, жарық, таза) Біздің ... (топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындыктар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар. | қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биітігі – 30 см).<br><br>**Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:** шиpақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. **(3 рет).** Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен шиpақ итеріліп, аяқтарының ұшымен<br><br>жерге түседі<br><br>***Ойын:*** «Қайда жасырылғанын тап». **(2 рет).** Спортзалда еркін тұрады. |
| Серуенге дайындык | Киімдерді реттілікті сактап дұрыс киінуге үйрету<br>**ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ** | | | | |
| | | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау:**Жаңбырды бақылау.<br>**Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>**Еңбек:**Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>**Мақсаты:**Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».<br>**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br><br>**Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлиарды ажырату .<br>**Еңбек** :Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>**(Бұлт)**<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** « Кімге қандай құрал керек? »<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br><br>**Дербес ойындар:**<br>1.Өткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>**Тренинг:** « Біз тату баламыз » .<br>(Экология мәдениеті)<br>**Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша | **Бақылау:** Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>**Еңбек** : Құстарға жем сауыт жасау.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан ,<br>Сезді мекен күзді олар .<br>Қарлығаштар ұшып кетті,<br>Ұшып кетті тырналар.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** « Күзде не киеміз? »<br>**Мақсаты:** Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. .<br>1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық.<br>2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .<br>**Тренинг** : « Тырналар болып ұшайық » .<br>(Экология мәдениеті)<br>**Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша | **Бақылау:** Желді бақылау.<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру .<br>**Еңбек** : « Әдемі гүлдер »<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел »<br>**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Дербес ойындар:**<br>1. « Желмен жарысайық »<br>2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру)<br>**Тренинг:** « Қолшатыр астында<br>(Экология мәдениеті)<br>**Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша | **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>**Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту. су құю.<br>**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.<br>**Қимылдық ойын:** « Ақ қояным »<br>**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>**Дербес ойындар:**<br>**« Тәтті тоқаштар » пісірейік**<br>**« Мені қуып жет » .**<br>**Тренинг: « Шаңырақ »**<br>(Қауіпсіздік сабағы)<br>**Еркін ойындар**: балалардың қалауы бойынша |
| **Серуеннен оралу** | Киімдерін ретімен шешу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс** **Алтай Айзере Қайратқызы** Сөздердегі дыбыстарды ажыратуға, белгілі дыбысы бар сөздерді табуға; сөздегі дыбыстың орнын анықтауға үйрету | **Жеке баламен жұмыс** **Болганбек Ұлағат Мұхамеджанұлы** Табиғатқа зиян келтіруі мүмкін жағдайлар мен әрекеттерді атай алуға үйрету. | **Жеке баламен жұмыс** **Берік Шахнұр Айдынұлы** спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытуға дағдыландыру | **Жеке баламен жұмыс** **Қанат Назерке Бақытжанқызы** Заттарды кеңістікте орналастыруды, қозғалыс бағыттарын үйрету | **Жеке баламен жұмыс** **Қайратұлы Ермұхаммед** Көркем мәтінді тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: «Сұр қоян».** **Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:<br>Бармақ болып тоғайға сұр көжек,<br>Жуынып жатыр бүгжеңдеп:<br>Тұмсығын жуды,<br>Құйрығын жуды,<br>Құлағына жуды-түртінді.<br>Құп-құрғақ боп сүртінді.<br>Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады. | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»:** « Соқыр теке » .<br>**Ойын барысы:**<br>Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»:** « Аттамақ »<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Брішнсі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»:** « Орамал тастау » .<br>**Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»:** « Ұшты-ұшты »<br>**Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады |
| Балалардың үйге қайтуы | **Өнегелі 15 минут**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз | | | | |

Тексерілді:

Scanned with CamScanner

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** Нұра ЖББМ

**Мектепалды даярлық** сыныбы

**Балалардың жасы** 5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** **2-апта** 08 - 12қыркүйек 2025-2026 оқу жылы

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Тәуелсіздік және Отаншылдық » айы**

**«Апта дәйексөздері»- «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 08.09** | **Сейсенбі 09.09** | **Сәрсенбі 10.09** | **Бейсенбі 11.09** | **Жұма 12.09** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>**Шертпек.**<br>Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің үйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді. | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | **Өнегелі 15 минут**<br>Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | | | | |
| **Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық,ұлттық ,сюжетті рөлдік,үстел үсті-баспа және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар )** | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»**<br>« Соқыр теке » .<br>**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді | | **«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»:**<br>« Аттамақ »<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Брішісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоябер у керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 3** | | | | |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr>
<td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td>
<td>«Менің Қазақстаным»<br>ҚР гимні<br>«Біз бақытты баламыз»<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік.</td>
<td colspan="4">Адалдық әліппесі<br>«Барлығы сабаққа дайын болуы керек»<br>Мақсаты: өзара көмекке, досына қол ұшын беруге тәрбиелеу.Бейнелеу студиясында кезекшілер үстелдің үстіне Жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған құралдарды қойып жатыр. Баланың қолындағы подностан қайшылар, қылқалам, қарындаштар жерге түсіп кетеді. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: «Не болды? Бала неліктен подносты түсіріп алды?» Балалар оны нашар кезекші, ол жұмысын кеш бастағандықтан асықты деп жауап беруі мүмкін. «Бұл жағдайда басқа балалар не істеуі керек?» - деп сұрайды тәрбиеші. Балалардың болжамды жауабы: «Кезекшілердің өздері бәрін дайындауы керек». Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, «дұрыс айтасыңдар, кезекшілер әрқашан бәрін өздері дайындайды; бірақ осындай жағдай болғандықтан, оларға көмектесудің қажеті жоқ па? Себебі сабақты тоқтатуға болмайды» дейді.<br>Сюжеттің дамуы: А) кезекші қыз бала өз подносын үстелге қойып, досына көмектеседі; б) басқа бала (кезекші емес) кезекшіге шашылған заттарды жинауға көмектеседі.<br></td>
</tr>
<tr>
<td rowspan="2">Кестеге сәйкес ҰІӘ</td>
<td colspan="5">1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</td>
</tr>
<tr>
